

**2011 жылдың қаңтар-наурызында тіркеу жылында жасы он жетіге толатын, 1994 жылы туған, ерекк жынысты азаматтардың шақыру учаскесіне тіркелуін үйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

### **Күшін жойған**

Ақмола облысы Ақкөл ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 15 шешімі. Ақмола облысы Ақкөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 28 желтоқсанда № 1-3-146 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 3-8-1/И-1033 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 05.11.2014 № 3-8-1/И-1033 хатымен).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 33 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі « Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында әскери міндептілер мен әскерге шақырылуышыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы Ережелерімен сәйкес, Ақкөл ауданының әкімі ШЕШІМ ЕТТИ:

1. «Ақмола облысы Ақкөл аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне 2011 жылдың қаңтар-наурызында тіркеу жылында жасы он жетіге толатын, 1994 жылы туған, ерекк жынысты азаматтардың тіркеуі үйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Ақкөл ауданы әкімінің «2010 жылғы қаңтар-наурызда тіркеу жылында жасы он жетіге толатын ерекк жынысты азаматтардың шақыру учаскесіне тіркелуін үйымдастыру және қамтамасыз ету туралы» 2010 жылғы 22 қаңтардағы № 1 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-3-131 тіркелген, 2010 жылғы 12 ақпанда аудандық «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины КZ» газетерінде жарияланған) шешімінің күші жойылған деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды аудан әкімінің орынбасары Р. М. Қанатоваға жүктелсін.

4. Осы шешім Ақкөл ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Үйсімбаев

## «КЕЛІСІЛГЕН»

«Ақмола облысы Ақкөл аудандық  
Корғаныс істері жөніндегі бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы  
K.Нұрмамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК